

АЛҒЫ СӨЗ

Қытайда кейінгі уақытта біршама кітаптың жазылғанына қарамастан, Батыста қытай философиясына қатысты тәлтіма шығармалар жоқтың қасы. Тіпті сауатты америкалықтан: «Қытайдың атақты қандай философтарын танысыз?» – деп сұрасаңыз (қытай философиясын зерттеп жүрген маман болмаса), Конфуций мен Лао-цзыдан басқа ешкімді айтпасы анық. Бұл философияны терең зерттемеген маманнан бастап, қарапайым адамдарға қатысты.

Дегенмен қытай философиясы жайында ағылшын тілінде жазылған мақалалар мен кітаптар жетерлік. Бірақ олардың біршамасы көпшілік үшін тым күрделі яки жалпыға мәшһүр болатындай құнды еңбектер емес. Аталмыш еңбекте алғаш рет қытай философиясы бастау алған Конфуцийден бүгінгі күнге дейінгі тарихын жүйелі түрде бір бүтін дүние сынды көрсетуге ұмтылыс жасалған. Сондай-ақ бұл кітап замандастары мойындаған, өз ісінің нағыз білгірі саналатын қытай философының қаламынан туған дүние болғандықтан, аталған факт еңбектің құнын арттыра түспек.

Аталмыш еңбекті оқи отырып, қытай философиясының көкжиегі Конфуций мен Лао-цзы ілімдерінен және осы екі ілімнен туған конфуцийлік пен даолық мектептердің аясынан кең екеніне көз жеткіздік. Жиырма бес ғасырға жуық уақыт ішінде қытай ойшылдары өздеріне тиесілі мектептің атауын бірнеше ғасыр сақтап, бірақ өз заманына сай идеологиясын өзгерте отырып, Батыс философтарының тынышын алған тақырыптар

төңірегінде сөз қозғаған. Мәселен, Конфуцийге буддалық қайта туу арқылы өзінің XII ғасырда өмір сүрген атақты шәкірттерінің бірі Жу Шимен жолығудың сәті түссе, ол Жу Шидің идеялары сол заманда «ортодоксалдық конфуцийлік» ретінде қабылданатынын түсіне қоюы екіталай еді.

Дегенмен осы айырмашылықтың ортақ ұқсастықтары да бар. Олардың бірі – Фың профессор 1-тарауда баяндап өткен «ішкі даналық және сыртқы патшалық» түсінігі. Ішкі жан дүниенде данышпандыққа жетіп, сырттай билеуші болу үшін даоны қалай табуға болады? Аталмыш парадигма жаңсақ болғанмен, метафизикалық тұрғыдан мән берсек, онда қытай философиясындағы маңызды мәселе болмақ. Дәл осы жағдай автордың таяуда жарыққа шыққан «Қытай философиясының рухы» деп аталатын еңбегінің жазылуына арқау болды. Әрі қарай тәптіштеп, бұл мәселенің бүге-шігесіне тоқталмаймын. Қытай философиясының жүйесіз түрде жартылай ғана ұғынылған дәл осы қыры Батысқа Қытайды прагматиктердің фантазиясынан жүрдай болған биік таудың шыңына жайғасып, мәңгілік медитацияға кеткен, құпияға толы данышпандардан тұратын ел ретінде әсер қалдырған деп жорамалдаймын.

1930 жылдары Бейжінде қытай философиясы мен мәдениетін зерттей бастаған сәтімде Цинхуа университетінде қытай философиясына қатысты Фың Юләннің дәрісін тыңдап, жолым болды. Осыған дейін Фың Юлән осы салада классикалық туындыға айналып үлгерген «Қытай философиясының тарихы» деп аталатын зерттеу еңбегінің екі томын жариялап үлгерген маман еді. Бірде дәріске барғанымда, Фың Юлән менен: «Осы екі кітапты ағылшын тіліне аударуға алатын жан бар ма?» – деп сұрады. Ақыр соңында, кітапты өзім аударуға тәуекел етіп, еңбектің бірінші томын жапон-қытай соғысы басталғаннан көп өтпей, 1937 жылдың жазында жарыққа шығардым. Осыдан кейін екі-үш жылдың айналасында екінші томды аударамын деген үмітім болды.

Осы аралықта жұмысыма байланысты Қытайдан кетуге мәжбүр болдым. Содан кейін соғыс ұзаққа созылып, әрі басқа да жағдаяттар аяққа тұсау болды. Аударуға бірнеше мәрте ұмтылыс жасағаныммен, сәтсіздікке ұшырап, 1946 жылдың күзінде профессор Фың Юлән Қытайдан Пенсильваниядағы университетке шақырту алып келген соң ғана қайта кірістім. Содан бері Гарвард-Янцзин институты Массачусетс пен Кэмбридже

шығатын «Азиялық зерттеулерге арналған Гарвард журналында» жарық көрген яки енді жарық көретін екінші томның бірнеше тарауын аудардым. Бұл журналдар жайында мәліметті осы кітаптың библиографиясынан таба аласыз, әрі аударма толық аяқталған соң барлығы бір кітапқа біріктіріледі. Америкалық ғалымдарға Қытайға яки басқа шет мемлекеттерге берілетін фулбрайт грантының арқасында бір жыл Бейжіңде тұрып, 1949 жылдың күзінде екінші томды толық тәмамдасам деген жоспарым бар.

Дегенмен өткен жылы Филадельфияда аудармаға кіріскенімде, Фың профессор өзінің «Тарихының...» қысқартылған нұсқасын ағылшын тілінде өзі жазуға бекінгенін айтты. Менен кітаптың редакторы ретінде көмек қолын созуымды өтінді. Қолыңыздағы кітап – сол еңбектің жемісі.

Мазмұны тұрғысынан аталмыш еңбек қытай тіліндегі нұсқасына жақын. Жалпы алғанда, кітаптың алғашқы он алты тарауы бірінші томнан алынса, қалған тараулары екінші томға тиесілі. Аса маңызды емес ойшылдар туралы жазылған тарауларды алып тастап, қалғандарын қысқарту арқылы екі томды бір кітапқа біріктірдік. Автор беттің соңында берілетін ескертулер мен библиографиялық сілтемелерді, сонымен қатар түрлі талқылаулар, түпнұсқа мәтіндер һәм көптеген биографиялық мәліметті бермеуге тырысты. Соған қарамастан, аталмыш еңбек нақты әрі толық қамтылған, әрі сүйенуге болатын ғылыми еңбек ретінде құнын жоғалтпайды деп сенеміз.

Бұл кітапты қарапайым қысқартуға ұшыраған мәтіннен ерекшелейтін тұстары да бар. Біріншіден, еңбек Батыс оқырмандарының менталитетін ескеріп жазылғандықтан, кітаптың қытай тілінде жарық көрген нұсқасынан мазмұны һәм баяндауы жағынан өзгешеленеді. Бұл әсіресе қытай тіліндегі басылымында жоқ алғашқы екі тарау мен 27-тарауға қатысты. Екіншіден, Фың профессор осы кітапта жасалған кейбір қорытындылары мен байламдарын кітаптың 1934 жылы қытай тіліндегі нұсқасы жарық көрген соң жасаған еді. Мысалы, үшінші тараудағы ойды Фың профессор 1936 жылы «Философия тарихына» жеке «толықтыру» ретінде ғана жариялаған. Фың Юләннің философиялық ойлары көрініс тапқан кітаптың соңғы тарауында жаңадан қосылған яки бұл көзқарастар алғаш рет соғыс тұсында философиялық еңбекке айналды. Қытай тіліндегі нұсқасына қарағанда, кітаптың неодаосизм мен буддизм баяндалған 19 және 22-тараулары өзгерген.

Аталмыш еңбектегі пәндер мен талқылауларды профессор Фыңның өзі жазды. Ал менің бұл еңбекке қосқан үлесім – Батыс оқырмандарының менталитетін ескере отырып, қолжазбаның тілін жатық, әрі жеңіл оқылатындай дәрежеде өңдеуге тырыстым. Мәтіннен алынған көп дәйексөз, сәйкес келген жолдар болса, аз-маз өзгертіліп, мен аударған екітомдық үлкен «Тарих» кітабынан алынды. Өзге жағдайларда маңызды терминдер мен үзінділерді профессор Фыңның өзі аударды яки профессор Хьюз аударған «Қытай философиясының рухы» кітабынан қосылды. Сондықтан кітаптағы көп дәйексөз оқырманға алғаш рет ұсынылып тұр. Сонымен қатар кітап соңындағы индекс пен библиографияны өзім құрастырдым.

Алғы сөзді қорытындылай келе, Қытай тарихынан бейхабар оқырманға қысқаша шолу жүргізсек, артық етпес. Аңыз бойынша, Қытай тарихы б.з.д. III мыңжылдықтың аяғында, данышпан билеушілер үстемдік құрған уақыттан басталады. Қытайлықтардың да, еуропалықтардың да данышпан-патшалар жайындағы аңыздарды сын тезіне салмай қабылдауы қытайдың ерекше көне өркениеті жайында жаңсақ көзқарас қалыптастырды. Дегенмен бүгінде ғалымдар данышпан билеушілер мифтік образдар екенін, ал олар жайында тараған аңыздар кейінгілер ойлап тапқан қиялдан туған оқиғалар деген қорытындыға келді. Б.з.д. 2205–1766 жылдар аралығында салтанат құрған Ся династиясының тарихилығына қатысты күмән туған. Бірақ археологиялық қазбалар табылып, патшалықтың болғаны болашақта дәлелденуі де мүмкін.

Б.з.д. 1766–1123 жылдар аралығында салтанат құрған Шан династиясының болғаны анықталды. Бұл династияның астанасын қазу барысында тасбақаның сүйектері мен тасына жазылған көп жазба табылған. Аталмыш жазбалар болжауға байланысты жазылғаны жайында 12-тарауда тарақтылып айтылады.

Чжоу династиясы (б.з.д. 1122–256) жайында тарихи мәліметтер жетерлік. Бұл кезеңде қытай философиясының «алтын дәуірі» орнаған еді. Чжоу династиясы әуел баста Қытайдың солтүстігіндегі Сары өзенді бойлай орналасқан Чжоу үйіне бағынышты бірнеше кішігірім мемлекеттен құрылған еді. Бұл құрылым орта ғасырдағы Еуропаның феодалдық жүйесіне ұқсас. Дегенмен уақыт өте келе аталмыш феодалдық жүйе күйреген соң, тәуелсіз жаңа патшалықтар арасында туған соғыстар, саяси, әлеуметтік

Һәм экономикалық тұрғыдан пайда болған дүмпулер Чжоу династиясының ақырына жеткізді. Адамдар өздерін мазалаған сұрақтарға жауап іздеуі бұл дәуірдің мәдени жетістігіне айналған Қытайдағы жүйелі философиялық ойды тудырды. Алғашқы философ ретінде Конфуций (б.з.д. 551–479) белгілі. Конфуцийден кейін түрлі идеологиялық ағындардың өкілі саналатын басқа да философтар шықты. Кітаптың 3 және 16-тараулары осы мектептерге арналған. Саяси тұрғыдан Конфуцийден кейінгі бұл кезең «Күрескер патшалықтар» дәуірі деп аталды. Цин патшалығы б.з.д. 221 жылы тәуелсіз соңғы патшалықты жою арқылы тұтас Қытайдың басын алғаш рет біріктіріп, «күрескер патшалықтар» дәуірінің ақырын таятты. Цин патшалығының тұсында ескі феодалдық жүйенің орнына орталықтан басқарылатын мұрагерлік бюрократия орнады. Басқарудың мұндай жүйесі кейінгі билеуші әулеттерге үлгі болды. 1912 жылы Қытай республикасының құрылуы ғана қытайдың саяси тарихындағы нағыз бетбұрыс оқиғаға айналды.

Цин империясы мақсатына жету үшін жүргізген қатыгез саясаты династияның ғұмырын келте етті. Дегенмен Цин империясынан кейін қытайлық Түркістан мен бүгінгі Қытайдың аумағын толық қамтыған территорияны біріктірген Хан империясы (б.з. 206–220) құрылды. Саяси тұрғыдан бірігу идеологиялық тұрғыдан да тұтасуға сеп болды. Чжоу династиясы тұсында өркен жайған көптеген философиялық мектептер жойылып, аталған мектептердің идеялары басым идеологиялық күшке айналған конфуцийлік және даолық ілімдердің ішіне кірігіп кетті. Аталмыш өзгерістер жайында 17 және 18-тарауларда айтылады.

Төрт ғасырға созылған Хан әулеті билігінің орнына Қытайдың солтүстігі мен оңтүстік аймақтарында бір-бірін алмастырған ғұмыры қысқа патшалықтар билеген шашыраңқы төрт ғасыр (221–589) туды. Солтүстіктегі патшалықтардың арасында қытайлық емес әулеттер де болды және бұл кезеңде көшпелі тайпалар Ұлы қытай қорғаны арқылы Қытайға емін-еркін еніп отырды. Қытайлықтар үшін бұл дәуір «нәубет ғасырлар» деп аталған түрлі қиындықтар мен зорлық-зомбылық кезеңі ретінде белгілі. Дегенмен мәдени тұрғыдан теңдессіз дәуір саналады. Ал философиялық тұрғыдан Конфуций ілімі тоқырап, неодаосизм мен буддизмнің өрістеген кезеңі ретінде есте қалды. Соңғысы 19 және 20-тарауларда айтылады.

Суй династиясы (590–617) әсіресе Тан династиясының (618–906) билігі кезінде Аспанасты мәдени дамудың шарықтау шегіне жетіп, үлкен саяси қуатқа ие болды. Тан династиясы тұсында буддизм өркен жайды («Чань» мектебі жайында 22-тарауда айтылады). Дегенмен көп уақыт өтпей-ақ, буддизм бұрын-соңды болмаған қалыпта күйрейді. Осы уақытта, керісінше, конфуцийлік дін кең тарап, уақытша үстемдікке жетті. Конфуцийлік-тің қайта гүлденуі жайында 23-тарауда айтылған.

Тан династиясы күйреген соң Аспанастында «аласапыран» 50 жыл орнады. Артынша саяси әлеуеті Тан әулетінен кемшін болғанмен, мәдениет тұрғысынан парапар болған Сун династиясы (960–1279) билік басына келді. Бұл кезеңде конфуцийлік ілім шарықтау шегіне жетті. Батыста «нео-конфуцийлік» қозғалыс ретінде танылған бұл дәуір 23 және 25-тарауларда айтылады.

Сун династиясының орнына келген Юан (1280–1367) әулетінің билігі тұсында Қытайды «варвар-моңғолдар» билеп-төстеді. Бұл кезеңде мәдениет тұрғысынан ешқандай алға жылжу болмады. Ал Мин династиясы (1368–1643) тұсында билік қытайлық әулеттің қолына қайта шоғырланды. Аталған кезең халыққа жайлы болғанмен, өңі құбылған мәдениетке ауыз толтырып айтарлықтай өзгерістер енбеді. Дегенмен дәл осы Мин билігі кезінде неоконфуцийлік мектеп шарықтау шегіне жетті. Бұл жайында 26-тарауда сөз болады.

Цин (1644–1911) династиясы тұсында таққа мәнжурлар отырып, қытайлық емес бөтен халықтың өкілдері билік басына келді. Алайда XIX ғасырға дейін дәл осы әулеттің билігі барысында Қытай тарихындағы ең бір жемісті кезеңді өткерді (бірақ аталған ілгерілеу барлық салаға қатысты емес). Дәл осы кезеңде империяның аумағы Хан және Тан әулеттері тұсындағы жер көлемінен де үлкен болды. Дегенмен XIX ғасырдан бастап Батыстың экономикалық және саяси үстемдігінің салдарынан мәнжурлардың билігі әлсірей бастады. Аталған оқиғалар Қытайдың ойлау жүйесіне әсері жайында 27-тарауда әңгімелейміз.

1911 жылы мәнжурларды төңкеріп тастау арқылы бағзы замандардан бері жалғасын тапқан монархияның жойылуы Қытай тарихындағы шешуші сәт саналады. 1912 жылы Қытай Республикасы құрылғаннан кейін қытай халқының алдында үлкен әлеуметтік, саяси және экономикалық

өзгерістер күтіп тұрды. Сондықтан да кейінгі онжылдықта болған саяси және интеллектуалдық бейберекетсіздікке таңғалудың қажеті жоқ. Қазіргі Батыс елдеріне көз жүгіртсек, соңын ешкім дөп басып айта алмайтын үлкен өзгерістер жалғасып жатқанын көре аламыз. Сол себепті Қытайдың да болашағының күңгірттігіне таңғалудың қажеті шамалы. Дегенмен Қытайдың өткеніне зер салып қарасақ, қытай халқы жұдырық болып жұмылып, талай қиындықты еңсергенін көреміз. Олар күш біріктіріп, бұл қиындықты да еңсеруі ғажап емес. Бірақ ол үшін дүниежүзі Қытайдың саяси ойлау жүйесінің ерекшелігі саналатын космополитизмді жедел түрде қабылдауы қажет (бұл жайында 16 және 21-тарауларда сөз болады). Алдағы өзгерістер үшін қытай халқы ертедегі идеологияларының басым бөлігінен бас тартуға мәжбүр болады. Дегенмен кейбір жүйелер сақталып қалып, болашақ қытай философиясының ажырамас бөлігіне айналары анық. Қытай философиясының болашақтағы орны жайында Фың Юлән соңғы тарауда баяндаған.

1948 жыл, мамыр

Филадельфия

Д. Бодде